Тексерілді: 
Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 05 -09 желтоқсан айы 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 09.12.2022ж.**<br><br>«Балбөбек » ортаңғы тобы | **Қыс ерекшеліктері.**<br>«Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы.<br>Бақыт – біздің сиқырлы шеңберіміз,<br>Бақыт – біздің достарға сенгеніміз.<br>Бақыт – таңнан біреумен достасудың,<br>Бақыт – кеште достармен қоштасудың.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Үйіңде отырсаң да, Далаға шықпасаң да,<br>Даланы көре аласың, Әйнегінен қарасаң. - Ол не?<br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>Қа-қа-қа, Қар жауды. ақ-ақ-ақ, аққала жасаймыз.<br>Ыс-ыс-ыс-ыс, Көңілді қыс келді. Ан-ан-ан-ан,<br>Боран соғып тұр. Барлығын бірнеше рет қайталайды.<br>Слайд көрсету.<br>**«Қыста қалай киінеміз?» дидактикалық ойыны.**<br>Шарты. Балалар екі топқа бөлінеді, үстелдің бетінде жатқан қысқы киімдердің арасынан рет-ретімен киіну алгоритмін сақтап, панноға тек қысқы киімнің суреттерін ғана жапсырады.<br>**«Қалың қардың астында не жатыр?» дидактикалық ойыны.**<br>Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, сөздік қорын белсендіру.<br>Картоннан қар үйіндісі қиылып алынды. Педагог қалың қардың артына<br>заттың бейнесінің кескінін жасырады (шана, күн, ағаш, қолғап, бөкебай, шаңғы, коньки). Балаларға қардың артынан заттың бір бөлігін көрсетеді, олар қандай зат екенін балалар айтуы керек.<br>**Сергіту сәті. «Аққала».** | «Қалың қардың астында не жатыр?» д/о.<br>Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, сөздік қорын белсендіру.<br>Картоннан қар үйіндісі қиылып алынды.<br>Педагог қалың қардың артына заттың бейнесінің кескінін жасырады (шана, күн, ағаш, қолғап, бөкебай, шаңғы, коньки).<br>Балаларға қардың артынан заттың бір бөлігін көрсетеді, олар қандай зат екенін балалар айтуы керек. | Қазақ тіліне тән Қ дыбысына байланысты жаңылтпаштарды қайталату, тақпақтар, санамақтар жаттату. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **«Айырмашылығын тап» дидактикалық ойыны.**<br>Әр балаға А4 форматында бір айырмашылығы ғана бар, бірдей екі сурет беріледі. Бала екі суреттің арасындағы айырмашылығын айтады.<br>**Күтілетін нәтиже:** сұрақтарға дұрыс жауап береді. Суреттерге немесе жиі қайталанатын сөздерге сүйеніп, қазақ тіліндегі ақпаратты есту арқылы қабылдай алу қабілеттері дамиды. Көру және есту арқылы қабылдап, зейінін, логикалық ойлауын, байланыстырып сөйлейді. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыра алады. | . | |
| **Жұма 09.12.2022ж.**<br><br>«Балдырған» ересек тобы | **Қар жауады. Қатты - жұмсақ. Суық - ыстық. «Ө», «Қ» дыбыстары.**<br>Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»<br>Қайырымды жандар айнала, Шеңберге келсін жайлана.<br>Жалықпастан қайта біз, Махаббат сөзін айтамыз.<br>Сүйеміз барлық әлемді, Әлемдегі бар елді<br>Бақыттымыз осы біз Қасымызда досымыз!<br>Суретті сызба бойынша есту зейініне негізделген сөздік жұмыс.<br>**«Ө», «Қ» дыбыстарына артикуляциялық жаттығу.**<br>Қа-қа-қа, Қар жауды. ақ-ақ-ақ, аққала жасаймыз.<br>Ө-ө-ө, өрнек салды аяз. Кө-кө-кө көше толы көлік<br>**Көркемсөз. «Суретші қыс».**<br>Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға,<br>Балалар жүр мақтанып. Тазартып бар кір, шаңнан, Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады.(К. Нүсіпжан.)<br>**Мнемокарточка бойынша сөз тіркесін құрауға негізделген сөздік ойын-жаттығуы. «Қар қайда?»**<br>Мақсаты.Суреттегі нысанға сүйеніп, оның үстінде қар жатқанын айту.<br>Ережесі.Суретке қарайды. Бала бейнеленген нысандағы қар жайлы сөйлем құрап айтады. Сөйлем дұрыс құралса, қосымша сурет көрсетіледі. Мысалы, қар жатқан орындық.<br>**Сергіту сәті. «Қар».**<br>**Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұбын құрау негізінде сөздік-тәжірибелік жаттығу. «Биік - аласа. Тар - кең».**<br>**Мәнерлеп оқуға сөздік жаттығу. «Суретші қыс».**<br>**Материалды бекіту және қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** «Қ», «Ө» дыбыстарын анық айтады. Қар және оның ерекшеліктері туралы тақпақтарды түсінеді, дұрыс айтады. Қардың қалпын айқындайтын сын есімді дұрыс қолдананады, сөйлеу мәнерін, көру және есту қабілетін, логикалық ойлауын дамытады. | «Қар қайда?»<br>Мақсаты.Суреттегі нысанға сүйеніп, оның үстінде қар жатқанын айту.<br>Ережесі.Суретке қарайды. Бала бейнеленген нысандағы қар жайлы сөйлем құрап айтады. Сөйлем дұрыс құралса, қосымша сурет көрсетіледі. Мысалы, қар жатқан орындық. | Көркемсөз.<br>«Суретші қыс».<br>Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға, Балалар жүр мақтанып. Тазартып бар кір, шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады.(К. Нүсіпжан.) |

**Тексерілді:** [signature]
**Әдіскер А.К.Керуенбаева**

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 12 -16 желтоқсан айы 2022-2023 оқу жылы

| **Апта күні** | **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Баламен жеке жұмыс** | **Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы** |
|---|---|---|---|
| **Жұма 16.12.2022ж.**<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | Мерекелік демалыс | | |
| **Жұма 16.12.2022ж.**<br><br>«Балдырған» ересек тобы | Мерекелік демалыс | | |

Тексерілді: 
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 18 - 23 желтоқсан айы 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 23 .12.2022ж.**<br><br>«Балбөбек » ортаңғы тобы | **Көңілді қыс.**<br>«Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы.<br>Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру, Қандай жақсы дос болу!<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Үйіңде отырсаң да, Далаға шықпасаң да,<br>Даланы көре аласың, Әйнегінен қарасаң. Терезе!<br>**Слайд көрсету.** Боранның аудиожазбасы қосылады. Педагог шағын әңгіме құрап айтады. Мынау – қыс мезгілі. Дала аппақ қар. Қыста балалар аққала жасады. Балалар шанамен, конькимен сырғанап ойнап жүр. Бұлар – қыс қызығы. Балалар қайталайды.<br>**Ойын: «Алтын сақа».** Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз, сөйлем айтады.<br>Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттегі балалардың іс-әрекетіне көңіл аудару.<br>Сұрақ қоя отырып, таныс сөздерді қайталау және жаңа сөздермен таныстыру.<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Жыл мезгілі – қыс.<br>**«Қыста қалай киінеміз?» дидактикалық ойыны.**<br>Балалар екі топқа бөлінеді, үстелдің бетінде жатқан қысқы киімдердің арасынан рет-ретімен киіну алгоритмін сақтап, панноға тек қысқы киімнің суреттерін ғана жапсырады.<br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>Қ-к- қ - қа – қар. Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ – сырғанақ. Ыс-ыс-ыс-ыс,Көңілді қыс келді.Ан-ан-ан-ан,Боран соғып тұр.<br>Барлығын бірнеше рет қайталайды.<br>**Сергіту сәті. «Аққала».** Қар жауғанда (қолдарын жоғары көтеру, саусақтарын жан-жаққа ашу, | Тақпақ жаттау.<br>Қыста қармен ойнаймыз, Қызыққа біз тоймаймыз.<br>Таудан төмен сырғанап, Шанғы, шана тебеміз.<br>«Қалың қардың астында не жатыр?» дидактикалық ойыны.<br>Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, | Қыс мезгіліне байланысты жұмбақтар шешуге қызығушылықтарын оят жұмыстарын жалғастыру.<br>Қызықты ертегі оқып беруге кеңес беру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қолдарын жоғарыдан төмен қар жауғандай түсіру)Топ бала<br>(қолдарын екі жаққа ашады)<br>Соқтық келіп Аққала.<br>(ауада екі қолымен үлкен, орташа, кішкентай шеңбер сызады)<br>Мұрны сәбіз үп-үшкір,<br>(екі қолдарының алақандарын жұмып, түйілген жұдырықтарын мұрындарына апарып, бірінің үстіне бірін қойып, мұрын жасайды)<br>Көзі көмір қап-қара.<br>(қолдарын көздерінің тұсына апарып, көзілдірік жасайды)<br>Көне шелек басында,<br>(бастарын екі қолымен ұстайды)<br>Сыпырғышы қолында,<br>(екі қолдарын екі жаққа ашып, сыпырғыш ұстағандай болады)<br>**Тақпақ жаттау.**<br>Қыста қармен ойнаймыз, Қызыққа біз тоймаймыз.<br>Таудан төмен сырғанап, Шаңғы, шана тебеміз.<br>**Сергіту сәті.**<br>Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз.<br>**Жаңылтпашпен таныстыру.**<br>Тұз – мұздай, Мұз – тұздай.<br>Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды.<br>**«Қалың қардың астында не жатыр?» дидактикалық ойыны.**<br>Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, сөздік қорын белсендіру.<br>Картоннан қар үйіндісі қиылып алынды. Педагог қалың қардың артына заттың бейнесінің кескінін жасырады (шана, күн, ағаш, қолғап, бөкебай, шаңғы, коньки). Балаларға қардың артынан заттың бір бөлігін көрсетеді, олар қандай зат екенін балалар айтуы керек.<br>**Қорытындылап, бекіту. Балаларды мадақтау.**<br>Күтілетін нәтиже: қыс мезгілін жылдың бір мерзімі ретінде қазақ тілінде жалпылап және жүйелейді, қыс мезгілі туралы білімдері кеңейеді. Қысқы іс-шаралар, қыс мезгіліне ғана тән түсініктері қалыптасады.. Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйренеді. Суреттерге немесе жиі қайталанатын сөздерге сүйеніп, қазақ тіліндегі ақпаратты есту арқылы қабылдай алу қабілеттері дамиды; | сөздік қорын белсендіру. Картоннан қар үйіндісі қиылып алы нды. Педагог қалың қардың артына заттың бейн есінің кескінін жасырады (шана, күн, ағаш, қолғап, бөкебай, шаңғы, коньки). Балаларға қардың артынан заттың бір бөлігін көрсетеді, олар қандай зат екенін балалар айту ы керек. | |
| **Жұма 23.12.2022 ж.** | **Ұлға және қызға арналған киімдер.**<br>**Шаттық шеңбер «Жүректен жүрекке»**<br>Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Айналаға, бар адамға Тек мейірім сыйлаймыз.<br>Мерекенің жақындағанын елестететін әуен естіледі. | Сәйкестенді ру негізінде көруге арналған сөздік- | Көркемсөз. Аспан жерге төгеді,Ақ күмісін уыстап. |

Тексерілді: Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 26 - 30 желтоқсан айы 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-ана ларға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 30.12.2022ж.**<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Қысқы орманға саяхат**<br>Үнтаспадан орман дыбысы естіледі<br>Ойын: «Қысқы орманға саяхат».<br>Слайд «Қысқы орман».<br>Қазақстан орманында қандай жануарлар бар? Балалар жануарларды атайды. Балалар көздерін жұмып орманда елестетеді..<br>– Балалар, орманда не көрдіңдер? Өз ойларын айтады.<br>– Мен қоян көрдім. Мен түлкі көрдім. ...<br>– Мынау ненің дыбысы? (Үнтаспадан құстардың, тоқылдақтың дыбысы естіледі).<br>– Құстардың үні.<br>– Сендер қандай құстарды білесіңдер? (Торғай, қарға, сауысқан). Суретпен жұмыс. Мынау – тоқылдақ.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – тоқылдақ. Жеке, хормен айтып жаттығады.<br>– Тоқылдақ – орман құсы.<br>– Тоқылдақ қандай құс?<br>– Тоқылдақ – орман құсы.<br>– Балалар, қыста орманда қандай жануарларды көрмейміз? (Аю, кірпі).<br>– Иә. Қысқы орманда аю, кірпі жоқ. Олар қыста ұйықтайды. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Қ-қ-қ -тоқ-тоқ – тоқылдақ - то-қыл-дақ.<br>**Сергіту сәті**<br>Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. | Ойын «Жалғастыр».<br>Педагогтің қимылына, ым-ишарасына қарап, сөйлемді аяқтайды.<br>Мысалы: Аю ...(үлкен), түлкі ...(кішкене). Құстар ...(ұшады), қасқыр (жүгіреді). | Маусымдық ерекшеліктерге сәйкес жұмбақтар, жаңылтпаштар қайталауға кеңес беру. Мерекелік тақпақтарын жаттатуды ұсыну<br>. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің.<br>**Ойын «Жалғастыр».** Педагогтің қимылына, ым-ишарасына қарап, сөйлемді аяқтайды. Мысалы: Аю ...(үлкен), түлкі ...(кішкене). Құстар ...(ұшады), қасқыр (жүгіреді).<br>– Жанурларға тиісуге бола ма?<br>– Жоқ, болмайды. Жануарларды қорғау керек.<br>Мақал-мәтелмен таныстыру, мағынасын түсіндіру.<br>Табиғат – біздің анамыз, Біз – табиғатқа панамыз.<br>Қай жыл мезгілі бейнеленген? Жануарларды ата. Тиін қайда отыр?<br>Суретке қара. Тоқылдақты тап. Белгіле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ тілін түсінеді, аңдарды дұрыс атайды және олардың қысқы тіршілігін біледі, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастырады, салыстыру кезінде заттардың көлемін атайды, сөз тіркестерін дұрыс құрайды, дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабылдайды, сөздерді сөз тіркестеріне дұрыс құрауды, көлемдерді сәйкестендіре біледі. | | |
| **Жұма 30.12.2022ж.**<br><br>«Балдырған» ересек тобы | **Ертегі «Қолғап»**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір.<br>Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз.<br>**О мен Ө дыбыстарын ажыратуға арналған жаттығулар.**<br>То-тө, шо-шө, до-дө, мо-мө, Ко-кө, зо-зө, жо-жө, уо-уө,<br>Но-нө, по-пө, со-сө, ло-лө, Го-гө, ро-рө, бо-бө, ғо-ғө,<br>То-тө-то, шо-шө-шо, по-пө-по, мо-мө-мо, но-нө-но.<br>Доп, мол, бол, қол. Шөп, шөл, төл, көл.<br>Өзен, ожау. Орақ, өрік. Көз, қаз, бөлтірік, қолтырауын.<br>**Буындарды, сөздерді айту, дыбыстарды ажырату жаттығуы.**<br>Балалар буындарда [о] дыбысын таныса, қолдарын жоғары көтереді, [ө] дыбысын таныса, қол шапалақтайды.<br>- Тос - төс, ожау - көсеу, бос - бөс, көбелек - доңғалақ, көз - қос, қозы - көзі, сөз - соз, өгіз - оғыз, орақ - өрік.<br>**Тіл ұстарту жаттығулары.**<br>Ақ – ақ – ақ – қу – қу – қу. Аққу. Қар – қар – қар – ға – ға – ға. Қарға.<br>Ға- ға –ға. Қағу үшін керек балға. Ға – ға – ға. Ұшып келді қарға.<br>Ақ – ақ – ақ. Өседі ағашта жаңғақ. Қа – қа – қа. Таңертең жедім жұмыртқа.<br>Қы – қы – қы. Бәйгеде озды жылқы. Ық – ық – ық. Жұмсақ екен жастық.<br>Ға – ға – ға. Қарқылдаған қарға. Ғыш – ғыш – ғыш. Ағаш сызғыш. | Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді. Сұрақтар беру арқылы кейіпкерлер сөзін мәнерлеп қайталату арқылы тілдерін жетілдіріледі. | Балалардың қиялын дамыту мақсатында түрлі жанрда ертегілер оқып беру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| «Балдырған » ересек тобы | **Таңғажайып сәт.** Педагог Алан мен Дананы көрсетеді.<br>**Көркемсөз.**<br>Аспан жерге төгеді,Ақ күмісін уыстап.<br>Жаңа жыл да келеді,Бізге карай жылыстап.<br>Өлең де әзір, əн әзір,Ойын да әзір, бәрі әзір.<br>Кел, Жаңа жыл, біздерге,Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>(С. Жиенбаев)<br>Педагог:- Балалар, Аяз атаның Жаңа жыл кешіне киетін киімі әлі дайын емес. Ол не киеді?<br>- Аяз атаға көмектесу үшін, Алан мен Данаға шкафтағы киімдерді дұрыс бөлуге көмектесейік.<br>Суреттерді көрсету.<br>Педагог ішінде араласып кеткен киімдері бар, есігі ашық жатқан шкафты көрсетеді.<br>**Заттарды жіктеу бойынша зияткерлік карта негізінде сөздік жаттығу. «Қызға арналған киімдер, ұлға арналған киімдер».**Жаттығуды өткізу үшін педагог бастапқы зияткерлік карта дайындайды.<br>Педагог ұл мен қызға арналған киімдер, баскиім мен аяккиімдердің таратпалы карточкаларын дайындайды:<br>- ұлға арналған: 1) баскиімдер - кепеш, құлақшын; 2) киімдер - күртеше, жейде, футболка, шалбар, шолақ шалбар; 3) аяккиімдер - етік, кроссовка. Бұл таңбалауыштар алдын ала қиылып, арнайы жерде аралас орналасады (тақта немесе үстел).Педагог ортадағы екі шеңберге карточкалар дайындайды: «қыз», «ұл».<br>Педагог балалардың алдына бастапқы зияткерлік картаны қояды. Педагог зияткерлік картаның ортаңғы бөлігіне «ұл» және «қыз» таңбалауыштарын қояды. Педагог бірнеше баладан сұрайды.<br>Педагог үстелдегі немесе тақтадағы орынға көрсетеді. Онда негізгі алтыға жіктелген таңбалауыштар жатады: «аяккиім», «киім», «баскиім».<br>Педагог негізгі жіктеу таңбалауыштарын екі орталық зияткерлік картадан тарайтын алты шеңберге дұрыс жапсырылуын бақылайды<br>**Жұмбақ жасыру арқылы зияткерлік карта негізінде сөздік жұмыс. «Мен ... таңдаймын». Сәйкестендіру негізінде көруге арналған сөздік-логикалық дамытушылық тапсырма. «Аяз ата не киеді?»**<br>Педагог балаларға түрлі кейіпкерлердің әртүрлі киім үлгілерінінің сұлба суреттерін көрсетеді: Күлше қыздың көйлегі, Алдар көсенің шапаны, Мыстан кемпірдің белдемшесі, Кішкентай Муктің туфлиі, Дымбілместің баскиімі, Аяз атаның баскиімі, тоны, пимасы.<br>Оларды тақтада ретпен орналастырады.<br>**Материалды бекіту мен қортындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** балалардың ұғымында киімдер, баскиім мен аяккиім туралы түсінеді; ұл мен қызға арналған киімдер, мезгілдік киімдер туралы білімдері қалыптасады; тазалық пен ұқыптылық жайлы біледі. | логикалық дамытушылық тапсырма. «Аяз ата не киеді?» Педагог балаларға түрлі кейіпкерлердің әртүрлі киім үлгілерінінің сұлба суреттерін көрсетеді: Күлше қыздың көйлегі, Алдар көсенің шапаны, Мыстан кемпірдің белдемшесі, Кішкентай Муктің туфлиі, Дымбілместің баскиімі, Аяз атаның баскиімі, тоны, пимасы. | Жаңа жыл да келеді,Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән әзір,Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге,Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>(С. Жиенбаев |